

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің
салалық кәсіподағы Павлодар облыстық ұйымы мен «Ұстаз» Алматы
қалалық жергілікті кәсіподағының кәсіподақтық оқытуды
ұйымдастыру тәжірибесі туралы анықтама**

Кәсіподақ белсенділерін даярлау жүйесін жаңғырту және білім беру саласы қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру шеңберінде Алматы қаласы мен Павлодар облысындағы әріптестердің табысты жұмыс тәжірибесі зерделенді. Талдау нәтижесі қазіргі заманғы диалог алаңдарын, цифрлық құралдар мен жобалық менеджментті енгізудің жоғары тиімділігін көрсетті.

«Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіподағы еңбек ұжымдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасауға және жедел құқықтық көмек көрсетуге басымдық береді:

- **«Ізгілікке бір қадам» жобасы (2021 жылдан бастап жүзеге асырылуда):** Осы көшпелі жоба аясында кәсіподақ басшылығы, заңгерлер мен филиал төрағалары мектептерді, балабақшалар мен колледждерді тұрақты түрде аралайды. Негізгі мақсат – алдын ала әрекет ету және жергілікті жерлерде қолдау көрсету. Жобаны іске асыру кезеңінде 300-ден астам кездесу өткізіліп, оның барысында жүздеген педагог еңбек қатынастары мен әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша білікті кеңес алды.

- **«Edu Legal» бағдарламасы:** Кәсіподақ мүшелері үшін Telegram мессенджерінде нақты уақыт режимінде жедел заңгерлік кеңес алуға мүмкіндік беретін жүйе іске қосылған.

- **«Ұстаз дауысы» жобасы (2026 жылы басталды):** «Әр ұстаздың үні – білімнің болашағы!» ұранымен өткен онлайн-кездесулердің жаңа форматы педагогикалық қоғамдастықтың өзекті мәселелерін ашық талқылау мен тәжірибе алмасудың тиімді алаңына айналды.

Белсенділерді даярлау жүйесін жаңғырту шеңберінде Павлодар облыстық ұйымы заманауи диалог алаңдарын, цифрлық құралдар мен жобалық менеджмент әдістерін енгізуде.

«Кәсіподақ алаңы» кабинетінің базасында мультимедиялық техникамен және QR-картотекамен жабдықталған Co-Working алаңы ашылды. Атқару комитетінің шешімімен үздік бастауыш ұйымдардың тәжірибесін тарататын белсенділерге арналған бейнедәрістер топтамасы тұрақты түрде әзірленеді.

«KASIPODAQ Creative HUB» мегажобасы (2024 жылдан бастап): Инновациялық хаб аясында кәсіподақ жұмысына келесі жобалар енгізілді:

- **«KASIPODAQ Security»:** кәсіподақ мүшелеріне жедел құқықтық көмек көрсету және олардың еңбек құқықтарын қорғау үшін кәсіподақтың «Zatin» аймақтарын құру.

- **«Кәсіподақ көшбасшылығының облыстық педагогикалық мектебі»:** көшпелі семинар-кеңестер өткізілетін гибридті оқыту форматы (онлайн/офлайн).

- **«Кәсіподақ тренері»:** білікті кәсіподақ тренерлерінің тұрақты пулын қалыптастыру.

- **«Kasipodaq Tolqynynda» & «PROF TV»:** бірыңғай SMM-стратегия және медиаматериалдар мен «Кәсіподақ бейнесабағы» конкурстық бейнесабақтарын орналастыруға арналған ресми YouTube-арна (LableProf).

- **«KASIPODAQ KERUENI»:** өңірдің білім беру мекемелеріндегі көшпелі жоба. Ол 3 модульді қамтиды: жастар модулі («Жас ұстаз – Жаңа кәсіподақ»), директорлар мен бастауыш ұйым төрағаларына арналған коуч-сессиялар және Қоғамдық қабылдау бөлмесінің жұмысы.

- **«Кәсіподақ: кеше, бүгін, ертең» стратегиялық сессиялары:** жүйелі түрде өткізіліп тұрады (2022, 2024 жж.). Қазіргі кезеңде сессия облыстың жас белсенділерін дамытуға бағытталған.

- **«Digital Kasipodaq» мобильді қосымшасы:** нормативтік-құқықтық базаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін арнайы мобильді қосымша мен оқытушы чат-боттар.

- **«Жас ұстаз» жастар жобасы:** Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы жанындағы облыстық Жастар кеңесінің жобасы. Мақсаты – жас педагогтардың кәсіби, әлеуметтік және тұлғалық дамуына жағдай жасау, олардың білім беру ортасындағы рөлін нығайту, еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ педагогикалық мамандықтың беделін арттыру. «Жас ұстаз» лагерінің жұмысы кезеңінде қатысушылар еңбек заңнамасы, кәсіподақ қызметі, көшбасшылық құзыреттерді дамыту, жобалық менеджмент және заманауи білім беру технологиялары бойынша оқудан өтеді. Олар үшін тренингтер, семинарлар, шеберлік сыныптары, пікірталас алаңдары мен тәжірибелі тәлімгерлермен кездесулер ұйымдастырылады.

«Торайғыров университеті» КеАҚ базасында **Әлеуметтік-еңбек қатынастары мен кәсіподақ қозғалысы мәселелерін зерттеу орталығы** (осы саладағы алғашқы ғылыми-зерттеу хабы) құрылып, жұмыс істеуде. Кәсіподақ көшбасшылары жұмысының тиімділігін бағалауға арналған цифрлық құралдар әзірленуде. Ғалымдардың авторлық ұжымы (Ж.Ж. Уахитов, С.К. Ксембаева, А.С. Попандопуло, С.К. Антикеева) «Жоғары білімдегі кәсіподақ қозғалысының теориясы мен практикасы» атты оқу құралын басып шығарды. Бейнді ғылыми-зерттеу топтары жұмыс істейді:

1) «Кәсіподақ көшбасшыларын оқыту»,

2) «Ұжымдардағы әлеуметтік зерттеулер және еңбек қатынастарын оңтайландыру»,

3) «Әкімшілік пен қызметкерлер арасындағы құқықтық және экономикалық қатынастарды талдау».

Сондай-ақ заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Г.Т. Шамшудинованың жетекшілігімен Еңбек дауларын шешудегі медиативтік және баламалы технологиялар бөлімін ашу жоспарлануда.

Алматы (проактивтілік, мобильділік) және Павлодар облысының (ғылыми-білім беру тәсілі, жобалар экожүйесі) табысты кейстерін талдау негізінде келесі шаралар ұсынылады:

1. Еңбек құқығы бойынша жедел онлайн-кеңес беру және нормативтік-құқықтық базаға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін өңірлік чат-боттар мен арнайы мобильді қосымшаларды әзірлеу.
2. Нақты әлеуметтік сауалнамалар жүргізу және кәсіподақ көшбасшыларының тиімділігін бағалау үшін жетекші өңірлік жоғары оқу орындарының базасында Әлеуметтік-еңбек қатынастарын зерттеу орталықтарын ашуға бастамашылық жасау.
3. Сертификатталған тренерлерді даярлау бағдарламаларын іске қосу («Кәсіподақ тренери»).
4. Павлодар қаласының базасында республикалық диалог алаңын ұйымдастыру. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының филиалдары мен бастауыш ұйымдарының төрағаларына арнап, жұмыс істеп тұрған хабтарды көрсете отырып, практикалық коуч-сессиялар өткізу.
5. «Кәсіподақ менторлығы» институтын құру («KASIPODAQ KERUENI» тәжірибесі бойынша). Бастауыш ұйымдардың тәжірибелі төрағаларын жаңадан сайланған көшбасшылар мен жас педагогтарға олардың бейімделуін жеделдету және көшбасшылық қасиеттерін шыңдау үшін бекіту.
6. Павлодарлық «Creative HUB» элементтерін кәсіподақтық оқыту мектептеріне интеграциялау. Келісу комиссиялары шеңберінде жұмыс берушілермен (мектеп/колледж директорларымен) келіссөздер жүргізу дағдыларын пысықтау үшін дебат форматын пайдалану.
7. «Кәсіподақ бағдары» онлайн-форумын іске қосу. «Ұстаз дауысы» жобасына ұқсас, бастауыш ұйым төрағалары үшін тұрақты (екі айда бір рет) ашық вебинарлар өткізу, онда «еркін микрофон» режимінде кәсіподақтардың нақты сот және сотқа дейінгі практикасынан күрделі кейстер талданатын болады.

Кәсіподақтың ОК аппаратының ұйымдастыру бөлімі